**Қамқоршылық кеңес отырысының**

**№2 хаттамасы**

«23» 02 2024 ж

**Толық атауы:** Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «С.Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
**Өткізілетін орны:** Шахтинск қаласы, Панфилова,4

**Қатысқан адам саны -7**

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен тамақтануын ұйымдастыру жағдайы туралы
2. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында атқарылатын іс-шаралар туралы

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша, мектеп медбикесі А.Ж.Каримова сөз алды.

Күнделікті дайын тағамдар мен шикі өнімдер журналын жүргізіп келемін. 1-4 сыныптармен қатар тегін жалпы оқыту қоры есебінен аз қамтылған отбасынан шыққан 81 бала тегін тамақтанады. Оқушыларға тағамдар ыстық күйінде ұсынылады. Су ішу тәртібі де қарастырылған. Асханада куллер орналасқан. Тамақтану бойынша сапаға мониторинг жүргізу комиссиясы үнемі мониторинг жүргізіп тұрады.

**Шешім:**

Оқушылардың ыстық тағаммен қамтамасыз етілу сұрағы үнемі бақылауға алынсын.

**Тыңдалды:**

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікен оқушылардың қауіпсіздігі жайлы тоқталып өтті. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігіең басты мәселе болып табылады. Мектебімізде оқушылардың мектепке кіруі рұқсат құжаты арқылы ұйымдастырылған. Барлық оқушылармен мектепте, мектептен тыс жерде, ғаламтор желісінде, жолдан өту барысында, көпшілік ортада өзін-өзі ұстауы жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп өтті, аталған жұмыс оқушылармен үнемі ұйымдастырылып отырады.

Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, құқық апталығы барысында оқушылармен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ата-аналармен оқушылардың сабаққа келуі және қайтуы кезіндегі мектеп пен үй арасындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында

түсіндірме жұмыстары мектепшілік жиналыста кеңінен талқыланып айтылды.

Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аталған іс-шаралар әлі де жалғасын табатын болады. Мектепте педагогикалық ұжым отбасында ата-аналар бірігіп балаларды зиянды ортадан, бөгде әдеттерден аулақ болуы үшін, үнемі бірігіп жұмыс жасауға шақырамын.

**Шешім:**

Бала қауіпсізідін қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар мен түсіндірме жұмыстары жалғастырылсын.

**Жиын төрағасы:** Ерханова Гулим Жанболатовна

**Хатшы:** Біржікен Эльмира Отаралықызы

**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:**

1. Сайран Алтынгул
2. Жайлибаева Гулзира Избаскановна
3. Кибадил Шамерхан
4. Тукбергенова Кумушой Эрмакбаевна
5. Кубеева Жансулу Спандияровна
6. Салимжанова Айжан Төлепбергеновна
7. Гулия Хатшыбай

**Нөмірленген және баумен байланған**
**2 (екі) бет**
**Ата-аналар комитетінің төрағасы**
Ерханова Г.М